

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша 2024-2025 оқу жылы білім алушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілген. Жәрмеңкеге 6-10 сынып оқушылары қатысып, күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, қолөнер бұйымдарын жасаған, жәрмеңке соңында белсенді қатысқаны үшін сыныптар марапатталды.

Кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында мамандармен кездесулер ұйымдастырылған. Білім алушылар мекемелерге барып, әртүрлі маман иелерінен сұхбат алып, жұмыс барысымен танысу арқылы, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылығын арттырды.

Білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы, әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтау мақсатында «Мамандық марафоны» конкурсы өткізілген. 7-8 сынып оқушылары көркем еңбек, информатика салалары бойынша әртүрлі бұйымдар, өнертабыстар жасап, өз шеберліктерін көрсетіп, үздік жұмыс анықталды.

Табиғатқа және планета ресурстарына жауапкершілікпен қарау мақсатында «Жер сағаты» акциясы өткізілген. Білім алушылар акцияны қолдау мақсатында суреттер салып, электр құрылғыларын өшіру арқылы энергияны үнемдеуге шақырды. Атқарылған жұмыстар оқушыларға тек еңбек арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын түсіндіреді. Білім алушыларға мамандық жөнінде айта отырып, оның маңызын түсіндіріп, адал еңбек етуге баулиды. Адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелейді.